ХАЛЫҚ ИГІЛІП - ЕҢ ЖОҒАРҒЫ ЗАҢ — БЛАГО НАРОДА - ВЫСШИЙ ЗАКОН

Бастау

Қоғамдық-саяси апталық газет
1999 жылғы 28 маусымнан шыға бастады

Еженедельная общественно-политическая газета. Издается с 28 июня 1999 года

№ 27 (873) | 10 шілде 2015 жыл | Жұма

13 шілде - Балықшылар күні

13 июля - День рыбака

Құрметті балықшылар қауымы! Әр жыл сайын толқыны тулаған айбынды Балқаш көлінен ырысын тапқан өздеріңіздей еңбек адамдарының қуаныштарын бөлісу - біз үшін дәстүрге айналған. Табиғаттың аумалы-төкпелі төрт мезгілінде көк теңізбен бірге тыныстап, ел ырзығы үшін жандарыңызды шүберекке түйіп, еңбек етіп жатқан сіздердің ауданымыздың өсіп-өркендеуіне, әр жыл сайын толымды табыстарға жетуіне қосып отырған үлестеріңіз зор. Сіздердің еңбектеріңіз ақындар мен жазушылардың қаламына шабыт бітіріп, жас ұрпақтың ел мен жерге деген сүйіспеншілігін арттыратын талай таңдамалы томдардың тууына себепкер болды десек артық айтқандық емес.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына арнап отырған Жолдауында және атап көрсетілгеніндей, белгіленген стратегиямыздың нәтижесінде біздің мемлекетіміз соңғы жылдары айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізіп отыр. Балқаш балықшыларының басын қосқан балық аулау шаруашылықтары бүгінгі таңда ауданымыздың мақтанышына айналып, ел дәулетінің сарқылмас көзіндей болып отыр. Тіршілігі табиғатпен үндесіп, көгілдір көлдің толқынымен тағдырын тоқайластырған балықшы қауымының елімізге бергені де, берері де мол. Тылсым дүниенің тілін тауып, ел нәсібін арттыруда ерен еңбектің иелері балықшылардың жақсы ісі жалғасын таба берсін. Балықшылық - оңай кәсіп емес. Ол күнделікті тәуекелмен байланысты. Өңір экономикасының маңызды бір саласы болып табылатын балық шаруашылығында еңбек етіп табиғат байлығын ел несібесіне жаратып жүрген балықшылардың қанаттары талмасын.

Құрметті жерлестер, атакәсіпті жалғастырушы балықшы ағайындар! Төл мерекелеріңіз құтты болсын, ағайын! Баршаңызға денсаулық, бақыт, елімізге бейбіт өмір тілейміз! Көгілдір көлдің бетінен күн сәулесі кетпесін. Тойларыңыз тойға ұлассын!

Аудан әкімі Қ. БИСЕМБАЕВ
Мәслихат хатшысы Б. СМАИЛОВ

Құрметті Қызылбалық округінің тұрғындары! Көк теңіздің қайсарлары – балықшылар қауымы!Көк айдын төсінің еңбеккерлері! Баршаңызды дәстүрлі кәсіби төл мерекелеріңіз – Балықшылар күнімен шын жүректен құттықтаймын! «Өзен жағалағанның өзегі талмайды» демекші, атам заманнан талайға азық та, кәсіп те болған ата дәстүр әлі күнге жалғасын тауып келеді. Осы тұрғыда аянбай еңбек етіп жүрген барша азаматтарға дендеріне саулық, отбасыларына бақ, береке тілеймін!

М.ТӨЛЕГЕНОВ, Қызылбалық ауылдық округінің әкімі

В ДЕНЬ РОЖДЕНИЯ АСТАНЫ

6 июля в городском парке прошли торжественные мероприятия в честь Дня Столицы. Началом праздника стал смотр выставки цветов и рисунков, посвященных главному городу страны. Ознакомиться с экспонатами, которые предоставили Центр детского творчества, городские школы мог каждый желающий.

В ходе торжественной части мероприятия земляков поздравил аким района Кайрат Бисембаев. Он отметил, что Астана, воздвигнутая по инициативе Нурсултана Назарбаева, сыграла судьбоносную роль в становлении нашей страны. Ныне этот город символизирует процветающий Казахстан. Затем, Кайрат Аширалиевич вручил двум многодетным матерям правительственные награды – подвески «Алтын алқа» жительнице Айтубиского с/о Кашыман Зыкен и «Күміс алқа» уштобинке Шукировой Меруерт. Каратальцев также поздравили депутат областного маслихата, почетный гражданин района Турсын Оспанов и представитель молодого поколения жасотановец Нурлат Калкаев. Далее состоялся праздничный концерт, в котором воспитанники дошкольных учреждений, Центра детского творчества, учащиеся школ, работники Дома культуры посвятили свои выступления главному городу Казахстана. Порадовали зрителей своими пением и танцами и другие участники концертной программы.

Нашлись развлечения и для любителей спорта. В парке проводились соревнования по мини-футболу, борьбе, шахматам, армрестлингу и поднятию гири, в которых также могли принять участие все желающие.

Бастау-ақпарат

Сильный бизнес – сильное государство. Этому принципу следует вся политика нашей страны. Благо, что в каждом регионе есть предприимчивые люди, вносящие существенный вклад в укрепление его экономики. Одной из них является известная бизнес леди Агафья Ли – руководитель ТОО «Лад», продукция которого давно стала узнаваемым брендом не только у нас в районе, но и за его пределами.

100 конкретных ШАГОВ

НА РАДОСТЬ УШТОБИНЦАМ

Наряду с ввозимыми продуктами, сеть магазинов «Лад» производит десятки видов полуфабрикатов, хлебобулочные и кондитерские изделия, мясные и рыбные продукты и многое другое. Услуги общепита оказывает жителям и гостям города уютное кафе «Лад». Давно по достоинству оценен открывшийся детский кафетерий с одноименным названием и строительный магазин.

В день рождения нашей столицы Астаны Агафья Дюнхаковна, сделала еще один подарок маленьким карапузам, сдав в эксплуатацию развлекательный комплекс по улице Рыскулова, для которого был получен кредит в рамках программы развития бизнеса «Даму», (сумма составила порядка 27 млн. тенге). И теперь, после нескольких месяцев кропотливых работ, состоялось торжественное открытие заведения. В мероприятии приняли участие аким района Кайрат Бисембаев и секретарь раймаслихата Бакыт Смаилов, которые и перерезали символическую ленту.

Приятные эмоции появляются уже у входа. На территории летнего кафе разбиты цветочные клумбы, высажены елки и другие деревца. Игровая площадка с качелями, горкой и батутом, без сомнения, доставят много радостных минут детворе и заставят малышню снова и снова тянуть сюда за руку пап и мам. Радует и ассортимент продукции кафе. Это разнообразные пирожные, различных видов мороженое, прохладительные напитки и многое другое. Здесь можно проводить различные детские мероприятия, дни рождения, праздники и т.д, ведь для этого созданы все условия. Следует отметить, что и взрослые могут приятно скоротать вечер в распложенном здесь же уютном кафе, а спортивные болельщики посмотреть на большом экране футбольные матчи или другие соревнования. Одним словом, такой подарок от «Лада» придется по душе уштобинцам всех возрастов. В ходе презентации комплекса первые посетители от всей души пожелали дальнейшего процветания бизнесу Агафьи Ли. В свою очередь бизнес леди сказала: «Хочется поблагодарить всех, кто принимал участие в строительстве данного комплекса. Надеюсь, мои земляки оценят его по достоинству. Большое спасибо хочется сказать и нашему Президенту, Нурсултану Абишевичу, который всячески поддерживает развитие малого и среднего бизнеса в стране. Именно благодаря помощи со стороны государства, каждый предприниматель может воплотить в жизнь свой проект и приносить пользу людям».

В этот же день, 6 июля традиционную ленту перерезали и при входе на детскую игровую площадку, на территории пятиэтажного дома по ул. Рыскулова ***(нижнее фото)***. Долгое время двор дома № 43 был в плачевном состоянии. А теперь здесь с удовольствием веселятся маленькие жильцы. На реализацию данного проекта было выделено более 20 млн. тенге и в течение месяца все работы были завершены. В ходе открытия глава района К. Бисембаев выразил благодарность подрядной организации ТОО «Мега Сервис» за выполненную работу. Он отметил, что со временем такие пло-щадки появятся во многих дворах города Уштобе.

А. БУЛАВИН

Құттықтаймыз!

Журналист ағайындардың төл мерекесі қарсаңында облыстық, ғасырға жуық тарихы бар «Жетісу» газетінің шығармашылық ұжымы Елбасының Алғыс хатын иеленді. Осылайша төл басылымнойы ұшқыр, қаламы жүйрік тілшілері мен сарабдал басшыларының тасы өрге домалап, жұлдызы жарқырай түсті. Аға басылымға мұндай марапат мемлекеттік бағдарламалардың өңірде орындалу барысын терең және жан-жақты насихаттағаны үшін берілді.

Еліміздің жүрегі Астананың Ақордасында өткен салтанатты жиында ҚР мемлекеттік хатшысы Г.Әбдіхалықова облыстық «Жетісу» газетінің бас редакторы Әміре Әрінге Президенттің Алғыс хатын табыстады. «Жетісулық» әріптестеріміздің мерейлі жетістігіне біз де шаттана қуанып, топты жарып, жеңіп алған жүлдесімен құттықтаймыз. Табыс биігінен бірыңғай көріне бергейсіздер!

Ізгі тілекпен: «Бастау» газеті ұжымы.

Биыл ауданымыздан 355 түлек үлкен өмірге қанат қағып, алтын ұялары мен аяулы ұстаздарымен қош айтысты. Олардың 10 - ы Алтын белгі иегері атанып, туған ауданның мерейін тасытты. Балалық балғын шағы өткен, қызығы мен қуанышы мол, туған жерінің ауасы мен дархан даласы қымбат, тауы мен тасы, жаңбыр жауса топырағының, жел соққа жусаны мен жигидәсінің иісі аңқыған ауылын тастап, жаңа өмір бастағалы отырған түлектерге Оян орта мектебінің директоры Дариға Дүкежанова ақ тілегін арнайды.

ТҮЛЕККЕ ТІЛЕК

«Бақыт деген сенің бала күндерің, бақытсыз- ақ бақытты боп жүргенің» демекші, бақытты іздейтін жолға түскелі отырсыңдар, сапарларыңа сәттілік, таланттарыңа табандылық, жаратылысыңа жайсаңдық, қатпаған қанатыңа қайсарлық, жүректеріңе түктілік пен жылулық, жүздеріңе имандылық, жалпы айтқанда қаныңа сіңісті қарабайыр қазақтың баласы бол, қазанбұзарлықтан, қарабауырлықтан сақтан. Болады кей-кездері сүрінуге, қайта тұрып қақың бар жүгіруге, жаңылсаң жасыма, мұңдансаң мойыма, басынғанды басындырма, қиындықты қасқайып қарсы алып, шыдамдылықпен шығарып сал, сынға салса саспа, ауыртпалықтан қашпа, жастығыңа бейнет тіле, кәрілікке дәулет тіле. Күнді батырып, таңды атырып, айнаңа қарап, шашыңды тарап, бойыңды түзеп тізбектелген тарихи жолыңның жаңа күні басталғанына шүкіршілік етіп, арайлап атқан әр бір таңның тірлігіне кірісуден асқан бақыт бар ма? Жалын атқан жастықтың албырттығымен айды аспанға шығарып, асылдың сынығы мен шұғаның қиығындай жақсыдан қалған жұрнақсыңдар, ауыз толтырып айтар ұлылығымызды ұлықтайтын ұрпақ болыңдар!

ҰКП НПП
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ
НАЦИОНАЛЬНАЯ ПАЛАТА ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ КАЗАХСТАНА

Кәсіпкерлер кездесті

Жуырда Алматы облыстық кәсіпкерлер палатасының бизнес тренері Александр Кузнецовтың жетекшілігімен Үштөбе қаласында семинар өтті. Аталмыш шараның мақсаты ауданда өз кәсібін ашуға ниетті жандарға банктен жеңілдетілген несие алуға, мемлекеттік бағдарламаларға қатысуға мүмкіндік тудыру, бизнестің қыр –сырын жан-жақты түсіндіру.Тегін өткізілген семинарлар қорытындысында бизнес кеңесші жобасы бойынша 61 адамға сертификат тапсырылды. Аталмыш сертификаттарды Қаратал аудандық Кәсіпкерлер палатасының директоры Құсайынов Марат Жақанұлы табыстады. Бизнес тренер Александр Кузнецов аудандық кәсіпкерлер палатасының кеңесшілері Абенов Қобыланды мен Ысқақова Анарға семинардың өткізілуіне атсалысқандары үшін ризашылығын білдірді. Семинарға қатысушылар тренерге, кеңесшілерге алғыс айтты.

Л. ЖАНБОТА

Ұрпағына ұлағат

Ұлы Жеңіске 70 жыл

Отаны үшін отқа түскен азаматтардың бірі - Ешмағамбетов Құлжан. Әкем 1916 жылы Алғазы ауылында дүниеге келіпті. 1938 жылы 22 жасында әскерге шақырылып, соғыс басталған кезде 1941 жылдың 24 шілдесінде соғысқа аттанады. Беларус майданында 171 артиллериялық полкта жүргізүші болады. Соғыс аяқталған соң, 1945 жылдың 25 желтоқсанында елге аман-есен оралады. Соғысқа қатысқаны үшін бірнеше медальдармен, сонымен қатар, Жеңістің 20 жылдық медалімен марапатталған. 1951 жылы анамыз Игнаева Тамарамен бас қосып, 5 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсіреді. Бейбіт жылдары әкеміз Қарақұм ауылындағы Алғазы балық заводында жұмыс жасап, сол жерден зейнеткерлікке шығады. Соғыста болған қарулас достары Т.Жамбетов, Т.Жетпісбаев, Қ.Тезекбаевтармен бірге «Жеңістің 40 жылдығын тойлаймыз» - деп жүргенде, мерекеге бір ай қалғанда, денсаулығы сыр беріп, 1985 жылдың 31 наурызда дүниеден озды. Құлжан Ешмағамбетовтың Отан қорғаудағы ерліктерін ұрпақтары біліп жүрсе екен деп, Ұлы Жеңістің 70 жылдығында әкемізді еске аламыз.

Балалары, немерелері

Тағылым

Қай заманда да елдік шаралардың басы-қасында жүретін, халықтық істің оң шешімін табуына белсене араласып, нардың жүгін қиынсынбай көтеретін азаматтар болған, иншалла бола да береді. Оларға тән басты қасиет – жасаған жақсылығын дүниеге жар салып емес, орнымен ғана емеурін танытып айтады. Міндетсінбейді, кеуде ұрып мақтанбайды. Даңқты бабалар рухын әспеттеудегі жасалар азаматтық парыз, перзенттік борыш деп қана біледі. Міне, сондай ұлтжанды, саха жомарт азаматтың бірі, ауданның құрылыс саласын өркендетуге лайықты үлес қосушы, іскер басшы, «Гүлім және компания» ЖШС директоры Қанат Сейдіғалиұлы Жұлынов. Аталған серіктестік құрылысшыларының қажырлы еңбегі арқасында Оян ауылындағы мектеп, қалалық монша пайдалануға берілді, бұрынғы «Фестиваль» стадионына, аудан әкімдігі ғимаратына жөндеу жүргізілді. Басқа да нысандар салынып, бой көтерді.

Нардың жүгін көтерген

Ауданымыздың даңғайыр бабаларды ардақ тұтар тұрғындарының есінде болар, 2013 жылдың қыркүйегінде қасиетті Балпық әулиенің кесенесіне толықтай күрделі жөндеу жүргізіліп, тарихи маңызы бар ескерткіштің архитектуралық келбеті жақсарып, шырайлана түсті. Шығыстық сәулет өнерінің озық үлгісінен кесене қабырғасы Хорезм кірпішімен қайта қаланды. Төбесінен жаңбыр тамшылап, су ақпайтындай қалыпқа келтірілді. Әрлендіру жұмысын көршілес мемлекеттен арнайылап шақырылған амандар жүргізді. Қолға алған игі ісін аяқтаған сәтте Қанат іниміз дүйім жұртты шақырып, Жұлыновтар әулеті атынан құдайы тамақ беріп, ақсақалдардың батасын алды.

«Менің шаруам осымен бітті», - деп ат ізін салмай кететін бәзбіреулердей емес, Балпық баба кесенесінің жай – күйіне үнемі назар аударып, қол ұшы көмегін беріп отыруды дәстүрге айналдырған ол қалың көпшіліктің ыстық ықыласына бөленуде. Жуырда Рамазан айының қарсаңында жаңашыр жамағаттың өтініш-тілегі бойынша кесененің оң жақ қапталына шағын ескерткіш тақта орнатылды. Онда баба кесенесіне 2013 жылдың қыркүйегіндегі күрделі жөндеу ел азаматы Қанат Жұлыновтың көмегімен жүргізілгені көрсетілген. Әдетте шөлді жерде қазылған құдық, арынды өзенге салынған көпір, жайдақ жерге жүргізілген жол сияқты сауапты іс тыңдырған қайырымды жандардың есімдерін ел жұрттың біліп, хабардар болғаны абзал. Білгенге оның өзі жас ұрпаққа үлгі-өнеге. Осы шараға орайластырған құдайы тамақ үстінде бауыры Болатқали, ауылдасы Өмірғали Жексенбай аға кесене шырақшысы Нұрбол ізгілікті ісі үшін Қанатқа алғыс сезімдерін білдірді. Осындайда ел еркесі атанған Есенқұл ақынның «Біздің елдің жігіттері, жігіттердің төресі. Олар жайлы айтылмайды биік-биік мінберден» деген өлең жолы еске оралады. Иә, жақсыдан із қалады деген осы болса керек.

Қ.ҚАРАМАН

Мәдениет күні

«Жазды күн шілде болғанда, көкорай шалғын бәйшешек, ұзарып өсіп толғанда ...» деп ұлы Абай жаз маусымын жырлағандай шіліңгір шілденің басында Көлпе ауылында Мәдениет күні бағдарламасына орай Бұрындық ханды әспеттеген мәдени шара болып өтті. Малдың бүйірі шығатын жаз ортасында бұрала басып былқылдаған қыз-келіншектер үй тігіп, сабадан қымыз құйдырып, ортасына қойдырған мереке халықтық сипат алды. Үлкен- кіші де, кәрі мен жас тахандық дәуірді көруге ынтыққан шара көп көңілінен шықты десек артық айтқандық болмас.

ЖАЗДЫ КҮН ШІЛДЕ БОЛҒАНДА ...

Бай да келер ауылға ...

Мектеп ғимаратында аудан әкімі Қ.Ә.Бисембаевпен өткен кездесуден экономика мен әлеуметтік саланың даму барысынан көңілге қонымды ой түйіп шыққан бұқара жұрт, күні бойы аудан орталығынан келген халыққа қызмет көрсету мекемелері қызметкерлерінен өздерін толғандырған сұрақтарға тұшымды жауаптар алды. Барлығы 119 адамға қызмет көрсетілген. Соның ішінде 82 жан дәрігерлердің көмегіне жүгінген. 22 ауыл тұрғыны жұмыспен қамту бөлімінің қызметкерлеріне өтініштерін білдірсе, 15 шаруа қожалық иелері «Даму қорының» бөлімшесіне қаржылай қолдау болар ма екен деп аяқ басқан. Қараша жұрт орталыққа сабылмай ойдағы көкейкесті мәселелерін ауылдарынан ұзамай шешіп жатса бұл да болса шаруа адамына көмек қой. Емін-еркін, өзара түсіністік жағдайда өткен жүздесу барысында жоғарыдағы өлең жолдарында айтылатындай «бай да келер ауылға» деп, бұған дейін де талай мәрте демеушілік, қайырымдылық істерімен танылған, туған жерлеріне көмек қолын соза келген қалталы әрі білімді азаматтар: экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев пен І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің кафедра меңгерушісі, Ресей жаратылыстану академиясының профессоры, халықаралық «Либнец» медалінің иегері, ауданымыздың «Құрметті азаматы» Ерлан Андаспаев сөз алып, округ елді мекендерінің көркеюіне, ағабауырларының, әпке-қарындастарының тарылмай жүруіне жәрдемдерін беретініне жерлестерінің басын изетіп, «әрине, жөн екен», - деп мақұлдатып, қошамет қылып қол соқтыртып рахметтерін алды. Марлен алдағы күндерде білім бөлімімен келісе отырып аудан өңірінен 60 – 70 баланы жазғы лагерьде тегін демалдыруға күш салатынын жеткізді. Ауыл түлектерінің ұшқан ұяларына деген мейірімді ықыластарына, ақ-адал ниеттеріне көңілі марқайған округ әкімі Сержан Андаспаев қонақтарының иығына оюмен өрнектеген бағалы шапандар жауып ел атынан ризашылығын білдірді. Еңбек ардагері Жанәділ Бейсенбаев болса көпшілік атынан танымдық-тағылымдылық мәнге ие Қазақ хандығын насихаттау шаралары 5 жылда бір рет өткізіліп тұрса деген ұсынысын жеткізді. Ол енді жоғары биліктің құзырындағы дүние ғой. Шешім шығарылып жатса халық қолдауға дайын екенін жұртшылықтың шараға деген ынта-пейілінен байқадық.

Әнші де келер сауыққа

Кездесуден желпініп шыққан жұртшылықбірден «Бұрындық хан» қойылымына ден қойды. Жері киелі, топырағы құнарлы өлкеден қазақ өнері жұртына кеңінен танымал әнші-сазгер Талғат Сембаевтың отбасылық ансамблі келтірді. Есімдері елге белгілі жандардың шырқаған әндері көрермендер тарапынан қызу қошаметке ие болып айнала төңіректі дүр сілкіндіріп отырды. Олардан бөлек «Әжелер ансамблі», Құралай Шаяхметова, Әлішер Әбіл, облыстық Абай, Шәкірім оқуларының жүлдегері Мөлдір Мұхтар т.б. өнер додасына иек артып тыңдарман айызын қандырды. Артынша орталықтан арнайы келген аудандық мәдениет үйі туының астына жиналған әншілер мен күйшілер де ән көрігін қыздырып шара маңызын арттыра түсті. Олар әрі би кешін ұйымдастырып жас біткенді өздеріне үйіріп алды.

«Тайқазан» берілер қауымға

Ал «мылтық атқан, құс салған, жас бозбалар бір бөлек, су жағалап құтыңдап» қана қоймай білектерін сыбана спорт алаңдарына шығып, өзара сайыстарда жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтап жатты. Өнерпаздардың өнерін қызықтаған меймандар мен ауылдықтар онымен ғана шектелмей арнайы тігілген өнер майталмандарының көрмесін тамашалап, сахна саңлақтары Қанабек пен Күләштің және Бикен апамыздың күнделікті тұрмыстарында қолданған заттары: үтік, телефон, үстел, орындық, айна, тарақ, ер тұрман және киген киімдері мен түскен суреттерін т.т. көрді. Болашақта ауданда мұражай ашылып мен әдебиетіне еңбегі сіңген небір ғажайып тұлғалар (Қанабек Байсеитов, Бикен Римова, Кемел Тоқаев) шыққанын қараталдың емшектегі баласына дейін білетінін айтпаса да болар, сондықтан көлпе өнерпаздарына халық үлкен ілтипатпен қарайды. Олар осы талаптан шығуға әрекеттеніп бақты. «Жаугершілік заманда батырлығымен көзге түсіп, қолбасшылығымен елге танылған, бірақ саясаткер ретінде жауапты шешімдер қабылдар шақта ынжықтық пен бостық, жалтақтық пен табансыздық танытқан ханның тұлға ретіндегі тағдыры аянышты аяқталған» дейді тарихшылар. Көзі тірісінде биліктен айырылып хандықты Қасым сұлтанға беруге мәжбүр болған. Ол төрт ұлы бола тұра Орта Азия хандығына ұзатылған қызының қолына барып, туған жерінен жырақта көп мұсылманның бірі ретінде ескерусіз, қошаметсіз Үргеніш маңында қайтыс болған. Қойылым мазмұны осы жайларға құрылуы керек еді, әрі «Күлтөбедегі жиынның» 1480 – 1511 жылдары билік құрған Бұрындық есіміне еш қатысы жоқ, ол Есім ханның тұсында, бұл оқиғалардан 110жыл өткеннен кейін1626 жылы болған. Алдағы уақыттарда тарихи жайларды бұрмаламағанымыз жөн. Драмалық туындыдан соң іле-шала концерттік бағдарлама тыңдарман назарына ұсынылды. Оның сәні мен әрін осы өңірден түлеп ұшқан Б.Римова атындағы Алматы облыстық драма театрының белді мүшесі «2015 жылдың үздік актрисасы» болып танылған, сонымен қатар әншілігі ала-бөтен, әдемі үні дүйім жұртты таңдай қақтыратын Ақмарал Төлеуова мен өнерлері Жетісу жатса, соның сөрелерінен табылатын, бүгінде құдайдың күндізінде шам жағып іздесең де таптырмайтын құнды бұйымдарды жұртшылық көзбен көріп, қолымен ұстады. Сонымен қатар, халықтар достығын көрсететін этнос өкілдерінің қолөнер көрмесі мен ас мәзірлері де көпшілік назарынан тыс қалған жоқ. Оларға көз тігіп, астарынан дәм татып жатқандардың қарасы да аз болмады. Мәдениет кешінің соңында атауларына Социалистік Еңбек Ерлерінің есімдері (Күнжарық Құлшықбаев, Түтінбай Дәулетияров және өнер қайраткерлері Қ.Байсеитов, Б.Римова, К.Тоқаев) берілген киелі қара шаңырақ саналатын ақ отауларда кілем төселіп, аста-төк дастархан жайылып тойды қызықтап келген жұртқа дәм татырылды. Мәдениет шарасы бейбітшілік пен бірліктің, байлық пен татулықтың айшықты белгісі (символы) болып саналатын ырысқа толы «тайқазанды» Қаңбақты ауылдық округінің әкімі Жандос Тенелбаевтың қолына ұстатумен аяқталды.

Жексенбек СҰЛТАНБЕКОВ

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

Өткен аптаның бейсенбісінде аудан әкімдігінің жанынан құрылған кәмелеттік жасқа толмағандар мен олардың құқықтарын қорғау комиссиясының кезекті отырысы болып өтті. Аталмышкомиссияның төрайымы аудан әкімінің орынбасары Күлпаш Байтаева мен комиссия мүшелеріотырыста істері қаралған №51 мектептің оқушылары: В.Ж және А.Н және Кәлпе орта мектебінің 9 сынып оқушысы А.Д-ның ата-аналарын, мектеп директорларын, сынып жетекшілерін тыңдады. Олардың істері жайлы материалдарды жиналғандарға кәмелеттік жасқа толмағандар ісі жөніндегі инспекторы И.Рымтаев таныстырды. Комиссия мүшелері ақылдаса келе қаралған үш іс бойынша тиісті шаралар қолданып, әкімшілік жауапкершілікке тарту керек деген шешім қабылдады.

С.ДӘРКЕНБАЕВА

Қазақ хандығына 550 жыл

Жаңгір хан

Еңсегей бойлы ер Есімнің баласы Жаңгір хан 1643 – 52 жылдары билік құрады. (Кейбір деректерде 1628 – 1652 жылдары деп көрсетілген). Мінезге бай, кең пейіл, мол денелі Жаңгірді қазақтар «Салқам» деп те атаған. 1535 жылдары жоңғар хандығы құрылады, сол кезде-ақ қазақтар мен жоңғарлар соғысады. Соның бірінде 1635 жылы Жаңгір тұтқынға түседі. Бір жылдан кейін арғын Ағынтай және шапырашты Қарайсай батырлардың арқасында елге қайтарылады. Ол ел бірлігі мен тұтастығы үшін ат үстінен түспей өтеді. Оның кезінде қалмақ қолы қатты күшейген. Екі арада көптеген текетірес болған. Жаңгір хан ойраттарға қарсы Моғол және Қырғыз хандықтарымен одақтаса білген. Ол әскери қолбасшылығымен танылды. 1643 жылы қалмақ 50 мың әскерімен қазақ жеріне шабуылдайды. Жаңгір 600 сарбазымен оларға тойтарыс бере біледі. Бұл соғыс Тянь Шань тауларының баурайында, Ор өзенінің бойында «Орбұлақ шайқасы» деген атпен тарихта қалады. Жау он мың әскерінен айырылады. Жаңгір хан нағыз ерліктің үлгісін көрсеткендігі көп айтылады. 1652 жылы қалмақтар қазақтардың одақтасы қырғыздарға шабуылдап, оларға көмекке барған қазақ әскері жаудың бетін қайтарады. Алайда, жау қайта әрекетке көшіп Қалданның ұлы Серен шау тартқан Жаңгірді арнайы жекпе-жекке шақырады. Сәскеден бесінге дейінгі болған ұрыста жас батыр жеңіске жетіп Жаңгір хан қайтыс болады. Оның денесі өзі кезінде қазырған оқпанынан ат шаптырым жерде Сарыбелде қойылған делінеді тарих беттерінде.

Тоғым хан

Тоғым хан (Әз Жәнібектің тағы бір немересі) 1533 – 37 жылдары билік құрады. Қазақ ұлыстарының бір бөлігінің басын қосып қырғыздармен бірігеді. Қалмақ, өзбек, ноғай, моғолдарға қарсы ұрыс жүргізеді. Ноғай хандығы күшейген шақта, тарихта «Ноғай шайқасы» деген атпен қалған қанды қырғында Тоғым хан бастаған қазақ қолы жеңіліс табады. 1537 жылы Ыстық көлдің маңында Сан-Таш та моғолдар мен өзбектердің біріккен мың- сан қолы қазақ- қырғыз әскеріне төтеннен шабуылдап ауыр соғыс болады. Саны аз қазақ жағы қасыретті жеңіліске ұшырайды. Қазақтың барлық 37 сұлтандары мен Тоғым ханның өзі 9 баласымен осы ұрыста мерт болады. Олар елдің болашағы үшін жандарын береді. Жаулар жеңіске қолдары жеткен соң кемпір-шал, бала-шағаны қырып, малды айдап, сұлу қыздар мен келіншектерді, қарулы жігіттетерді байлап-матап құлдыққа алып кетеді. Сол тұста алыста жатқан Мұхаммед Хайдар Дулати осы қайғылы хабарды естігенде «жер бетінде тірі қазақ қалмады-ау» деп ауыр күрсінген екен. Жау да қазақ осымен жер бетінен жойылды деп ойлайды, бірақ жер көлемі үлкен болғандықтан ұлтымыз қайта жаңғырады.

Дайындаған Ж.Сұлтанбеков

Бүгінгі күннің болмысы кәсіби білім жүйесі алдында еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, білікті мамандар даярлау, өз мамандықтарын жетік меңгерген, мамандығы бойынша тиімді жұмыс жасауға қабілетті, тұрақты кәсіби өсуге дайын, әлеуметтік және оңтайлы кадрларды даярлауды талап етеді.

Дуалдық оқыту ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бастөбе сервистік-техникалық колледжісі

Осыған байланысты қойылған басты міндет – мемлекеттік құрылымдардың күшін біріктіру, жұмыс берушілер мен оқу орындарын, облыстық кәсіпорындар мен өнеркәсіптерді білікті мамандармен қамтамасыз ету. Нақты өндіріс жағдайларына бейімделген жұмыс орындарында дағды мен білімді тікелей игеруге бағытталған, практикалық сағаттардың оқыту бағдарламасына барынша үйлесімімен біріктірілуімен, білікті мамандарды даярлау қазіргі кезде білім берудің дуалды жүйесі деген атпен белгілі.

Дуалды оқу жүйесі дегеніміз – теорияны өндіріспен ұштастыра оқыту технологиясы. Дуалды оқыту жүйесінің кәсіби мамандар даярлауда тиімділігі мен нәтижелігі зор екендігі тәжірибеде дәлелденген. Дуалды оқыту жүйесі қазіргі дүние жүзілік тәжірибеде бар дүние. Оның жарқын мысалдарының бірі Германиядағы кәсіптік-техникалық білім берудегі даярлаудың дуалдық жүйесі. Мұнда оқушылар уақытының үштен екі бөлігінде (60-70%) енбек ете жүріп өндірістен қол үзбей оқиды, тек уақытының үшінші бөлігі (30-40%) теориялық оқуға, білімді ұйымдастыруға арнайды.

Қазіргі кезде әлемде дуалды оқыту жүйесі – техникалық және кәсіптік мамандар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі болып табылады.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары индустриялық – инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыруда ерекше рөл атқарады. Қазіргі таңда кәсіптік салада жан-жақта білімді, білікті, бәсекеге қабілетті маман даярлау олардың әлеуметтік, кәсіптік, өзіндік жұмыс жасау алу қабілеттерін дамытумен белгіленді.

Қазақстан Республикасының 2011-2020 жолдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру және құрылымдық жүйелерінің өзара әрекеттестігі мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Әлеуметтік серіктестік аясында Бастөбе сервистік-техникалық колледжі негізінен ауыл шаруашылық, тамақтандыру және құрылыс саласына білікті жас кадрларды даярлау үшін аудан көлеміндегі өндірістік мекемелермен келісім шартқа отырған. Ш-бағам студенттері 2014 жылдың 2 қыркүйек және 20 қазан аралығында кәсіби тәжірибелік жұмыстан өтіп келді. Әрбір өндірістік мекемеде тәжірибеден өткен студенттерге жетекшілер тағайындалып, кәсіби тұрғыдан оларға теориялық білімін практикада ұштастыруға жақсы жағдай жасалынды. Осы тұрғыда колледж студенттері тәжірибелік жұмыстан өткен өндірістік мекемелер «ТАМАС» ЖШС, «Мекада» ЖШС, «Шығыс-Қаратал» АҚ, «Үштөбе электр жүйесі», «Үштобе-Сервис» ЖШС және басқа тамақтандыру ұжымдарымен, шаруа қожалықтарына колледж ұжымының ризашылығы зор.

Биылғы 2015-2016 оқу жылы қабылданған топ «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша толығымен дуалды жүйе бойынша үш жыл бойы оқып білім алады.

Теориялық біліммен қатар практикалық дайындыққа ие болатын білікті мамандар дайындау мәселесін шешуге бағдарланған және бизнес – құрылымдармен, сондай-ақ білім беру мекемелерімен сұранысқа ие болатын дуалды білім беру жүйесін енгізу мәселенің негізін қалаушы принциптерін жан жақта талқылау мен қоғам алдына қойылған мәселенің тәртіппен шешілуін қажет етеді.

Әлемдік тәжірибеге қарағанда, білім берудің дуалды жүйесі мамандардың кәсіби дайындаған жоғарылатуға ықпал етеді. Еңбек өнімділігі артады, халықтың көшіп-қонуы азаяды, әлеуметтік шиеленіске жол берілмейді.

Р.МАШТАКОВА ,
БСТК директорының орынбасары

Малый и средний бизнес

Недавно, в городе Уштобе распахнул свои двери для покупателей новый социальный магазин «Коксу», где продукты первой необходимости реализуются по ценам, ниже рыночных. Его владельцем является предприниматель, имеющая уже большой опыт в данном деле.

«Коксу» к услугам населения

По словам Е. Майоровой, главным в достижении успеха в любой сфере деятельности всегда служит стимул и желание работать. И наряду с другими, торговая отрасль также не является исключением. Стоит сказать, что свой первый социальный магазин с символическим названием «Алга», предприниматель открыла около 3 – х лет назад.

- Непросто конечно же это было. Ведь по сути, начинать приходилось в прямом смысле все с ноля, - вспоминает она. – Но тем не менее, сознание того, что это занятие нужное и полезное, и благодарные слова покупателей придавали достаточно сил, чтобы выстоять и двигаться дальше.

И вот сейчас, по истечению времени, предприниматель не только укрепила свой бизнес, но и занялась его расширением, арендовав очередное пустующее в городе помещение и открыв в нем еще один объект торговли.

Немаловажно отметить, что на сегодняшний день помимо реализации социально – значимого товара, поставляемого организацией ТОО «ЖетысуАгроСауда»: подсолнечное масло, рис, сахар, макаронные изделия, муку, разнообразные крупы, чай, соль, Елена также наладила торговые связи с поставщиками и производителями многой другой продукции. При этом цены на нее, по возможности, она также старается держать ниже, чем в большинстве обычных торговых точек.

Вместе с тем, едва завершилась наша беседа с предпринимателем в открывшемся ранее социальном магазине, грузчики стали заносить сюда вновь прибывшую партию безалкогольных напитков и прочего. А мы, тем временем отправились узнать, как обстоят дела в запущенной в прошлом месяце предпринимателем второй торговой точке «Коксу». Войдя в помещение, изначально, что бросилось в глаза – это наведенные здесь идеальные чистота и порядок. На полках и витринах прикреплены крупных размеров ценники, что особенно удобно, в первую очередь, для людей со слабым зрением.

Чуть позже, нам довелось поговорить и со стоящим за прилавком опрятно одетым продавцом:

- Хоть магазин только что открылся, но он уже пользуется немалой популярностью у уштобинцев. Основной поток посетителей приходится на утренние и вечерние часы. Но, и в остальное время кто – нибудь к нам да заходит, - с улыбкой отметила Инна Чербаева.

Буквально через пару минут, словно в подтверждение сказанному, в торговое здание вошли несколько человек. Одной из них оказалась задействованная на общественных работах от биржи труда, мать четверых детей Сания Шалова, проживающая в селе Кокпекты.

- Ежедневно, перед тем как вернуться после работы с райцентра домой я делаю покупки в социальных магазинах. Ведь, к примеру, покупая хлеб первого сорта по 45 тенге, кило сахара за 160 тенге, литр подсолнечного масла за 220 тенге, десяток яиц за 130 или 150 тенге, а также крупы, муку, макароны по сниженным ценам, можно в течении месяца немало денег сэкономить и дополнительно подкупить на них той же колбасы, сыра или еще чего – нибудь, - сказала сельская жительница.

Аналогичного мнения придерживались и другие покупатели. Их желание в обозначенном случае заключалось в том, чтобы с каждым годом количество таких магазинов только увеличивалось.

Следует сказать и о том, что на сегодняшний день «Коксу», это уже третий социальный магазин в г.Уштобе. Помимо того, в продовольственных магазинах, расположенных в городском и сельских округах района дополнительно функционируют 12 социальных уголков.

Н. ПРОВОДИНА

С апреля месяца, в Каратальском районе идет реализация второй очереди проекта «Реконструкция котлов и теплотрассы в г. Уштобе», общей стоимостью 781 млн.349 тыс. тенге.

ОБНОВЛЯЕТСЯ ТЕПЛОВОЕ ХОЗЯЙСТВО

В прошлом году, на осуществление первой очереди данного проекта было выделено свыше 130 млн. тенге. С их освоением был смонтирован новый котел ДЕ – 10 – 14 ГМ, теплообменники и котельно – вспомогательное оборудование. Наряду с этим, к котельной были подведены новые сети водоснабжения и кабельного электроснабжения, установлена комплектная трансформаторная подстанция с двумя трансформаторами (по 630 кВт) и дизельная электростанция для аварийного электроснабжения. Также, велись ремонтные работы зданий котельной и подвала, монтаж наружного освещения и другое, что позволило успешно провести минувший отопительный сезон.

С весны этого года, генеральным подрядчиком ТОО «АСК Ауылкурылысы», чтобы зря не терять драгоценного времени в ожидании финансирования, за счет собственных и привлеченных средств, продолжаются проектные работы.

В результате, на сегодняшний день, демонтированы старый и на его место установлен новый котел (резервный) и устаревшие деаэрационная установка, оборудование химводоочистки, сетевые и подпиточные насосы, аварийные кабельные сети электроснабжения. Построены здания канализационной насосной станции и приемного резервуара сточных вод. Помимо того, смонтированы металлические конструкции для деаэрационной установки емкостью 15 куб.м.

Сейчас, производится трубная обвязка оборудования котельной, устанавливается запорно – регулирующая и предохранительная арматура, прокладываются кабельные сети для электроснабжения и автоматизации. На стадии завершения находится строительство здания мазутонасосной, приемного резервуара на 100 куб.м, трех резервуаров для присадок (каждый по 25 куб.м), двух резервуаров для хранения мазута (по 400 куб.м), очистных сооружений. Одновременно, прокладываются внутриплощадочные сети водоснабжения, пожаротушения и канализации. Также, идет прокладка тепловых сетей протяженностью около 1 км к дополнительным потребителям, предусмотренным проектом.

- Позже, - отмечает руководитель обозначенной строительной организации Анатолий Рябинин, предстоит работа по прокладке двух воздушных сетей электроснабжения протяженностью около 10 км и благоустройство территории. При этом, им было сказано, что вне зависимости от сроков поступления бюджетных денежных средств, теплоподача по городу будут осуществляться своевременно, в соответствии с графиком.

Вместе с тем, с целью обеспечения пуска теплового хозяйства к предстоящему отопительному сезону, решением маслихата в этом месяце выделяется первый транш, в сумме 300 млн. тенге, для продолжения работ по котельной и тепловым сетям.

В целом же, в настоящее время пользователями централизованного отопления являются 14 абонентов и более 40 различных предприятий и организаций районного центра. Со сдачей объекта, к ним присоединятся Центральная районная больница, СШ. им. Б.Римовой, районная прокуратура, пожарная часть и КНБ.

Н. ИВАНОВА

ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОХОЖДЕНИЯ ОБЯЗАТЕЛЬНОГО ТЕХОСМОТРА

Обязательный технический осмотр механических транспортных средств и прицепов к ним, зарегистрированных в центральном исполнительном органе по безопасности дорожного движения проводится в центрах технического осмотра со следующей периодичностью:

1) Каждые 12 месяцев – возраст которых более 7 лет, включая год выпуска;

2) Транспортные средства категории М1 (легковые), возраст которых не превышает семи лет, включая год выпуска, не используемых в предпринимательской деятельности в сфере автомобильного транспорта проходят обязательный технический осмотр на период не превышающий семилетнего возраста транспортного средства.

3) Транспортные средства категории М1 находящиеся на балансе юридических лиц и используемые в служебных целях, проходят обязательный технический осмотр каждые 12 месяцев независимо от возраста транспортного средства.

4) Автобусы, микроавтобусы и такси, а также грузовые автомобили, оборудованные для перевозки людей, проходят обязательный технический осмотр каждые шесть месяцев, независимо от форм собственности и года выпуска.

5) Грузовые автомобили и прицепы к ним проходят обязательный технический осмотр каждые 12 месяцев независимо от форм собственности и года выпуска.

(К транспортным средствам категории М1 относятся транспортные средства, используемые для перевозки пассажиров и имеющие, помимо места водителя, не более восьми мест для сидения).

Техосмотр легкового автотранспорта и прицепов к нему, грузового (до 5,5 тонн), автобусов до 18 мест вы можете пройти на станции технического осмотра по адресу: г. Уштобе, ул. Кабанбай батыра, 55а.

С уважением Администрация ЦТО
ТОО «Уштобе-Автосервис»

БРУЦЕЛЛЁЗ - инфекционное заболевание, сопровождающееся лихорадкой, поражением сосудистой, нервной и других систем и особенно часто опорно-двигательного аппарата.

Что мы знаем о БРУЦЕЛЛЕЗЕ?



Основными источниками бруцеллёзной инфекции для людей является мелкий, крупный рогатый скот и свиньи. Особую опасность больные животные представляют в период отёлов и окотов, когда с плацентой, околоплодными водами, отделяемых родовых путей и плодов во внешнюю среду выделяется огромное количество возбудителя. Микробы выделяются во внешнюю среду не только во время окота или отёла, но и с молоком, мочой, испражнениями в течение всего года. Наиболее тяжёлое клиническое течение заболевания наблюдается у людей, заражавшихся от мелкого рогатого скота (козы, овцы).

Заражение человека происходит при оказании помощи при родах, абортах, убое и обработке туш, стрижке шерсти, при контакте с предметами, загрязнёнными выделениями животных, при употреблении в пищу мяса, подвергнувшегося недостаточной термической обработке, некипячёного молока или молочных продуктов из сырого молока (творог, сыр и т.д.). Возбудитель бруцеллёза обладает большой устойчивостью к воздействиям низких температур, длительно сохраняется в пищевых продуктах, в том числе, хранящихся в холодильниках и морозильных камерах. В замороженных инфицированных мясных и молочных продуктах микробы остаются жизнеспособными в течение всего срока хранения. В сыром молоке, которое хранится в холодильнике, возбудитель бруцеллеза сохраняет свою жизнеспособность до 10 дней, в сливочном масле - более 4 недель, в домашнем сыре - 3 недели, брынзе - 45 дней; в простокваше, сметане - 8-15 дней, в кумысе, шубате (сброженное верблюжье молоко) - до 3 суток; в мясе мелкого рогатого скота более 320 дней.

Устойчивы длительное время в условиях засолки (до 130 дней). Во внутренних органах, костях, мышцах и лимфатических узлах инфицированных туш - в течение 1 мес. и более; в овечьей шерсти, смушках - от 1,5 до 4 мес. Наибольшее количество людей заболевает весной и летом, что связано с заражением в сезон окота овец.

Инкубационный период заболевания (время от контакта с больным животным до появления клинических симптомов) составляет 1-2 недели, а иногда затягивается до двух месяцев.

Начинается, как правило, с повышения температуры тела до 39- 40°С (характерны подъемы температуры в вечерние и ночные часы) в течение 7-10 дней и более, в отдельных случаях при отсутствии соответствующей терапии температура держится до 2-3-х месяцев. Лихорадка сопровождается ознобами, повышенной потливостью и общими симптомами интоксикации. В последующем присоединяются симптомы поражения опорно-двигательного аппарата, сердечно-сосудистой, нервной и других систем организма.

Для бруцеллеза характерно относительно удовлетворительное самочувствие больного на фоне высокой температуры.

Для предупреждения заболевания бруцеллёзом необходимо:

Лицам, содержащим скот в частных подворьях:

- зарегистрировать животных в ветеринарном учреждении, получить регистрационный номер в форме бирки;

- покупку, продажу, сдачу на убой, выгон, размещение на пастбище и все другие перемещения проводить только с ведома и разрешения ветеринарной службы;

- карантинировать в течение 30 дней вновь приобретенных животных для проведения ветеринарных исследований и обработок;

- информировать ветеринарную службу о всех случаях заболевания с подозрением на бруцеллёз (аборты, рождение нежизнеспособного молодняка);

- строго соблюдать рекомендации ветеринарной службы по содержанию скота.

Населению:

- Приобретать продукты в строго установленных местах (рынки, магазины, мини маркеты и т.д.);

- не допускать употребление сырого молока, приобретенного у частных лиц;

- при приготовлении мяса – готовить небольшими кусками, с проведением термической обработки не менее часа.

Соблюдение указанных рекомендаций позволит предотвратить заражение бруцеллёзом.

Ж. УСУМКУЛОВА,
врач-инфекционист